

Шектеу іс-шараларын алу және Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 9 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 16 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 маусымда № 5534 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 23 мамырдағы № ВО 3-4/45 ұсынысы негізінде Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің Құмжарған ауылы аумағында ірі мүйізді қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлық іс – шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Ойыл ауданы Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 17 тамыздағы № 9 "Шектеу іс –шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5044 болып тіркелген, 2016 жылы 8 қыркүйекте № 37 "Ойыл" газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шығанақ Берсиев атындағы
ауылдық округ әкімі*

А. Мубарак